

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 7 "Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" шешімін күшін жойды деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің 2020 жылғы 20 қазандағы № 14 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 22 қазанда № 6599 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің "Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 7 шешімі (2020 жылғы 27 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6256 болып тіркелді) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

К. Омаров